## ЖҮЙЕДЕ ЖҰМЫС ІСТЕУ

Кітапхана сайтындағы https://elbasylibrary.gov.kz/ru «Елбасының архиві» бөліміндегі «е-Архив» бөліміне өтіңіз. Нәтижесінде Жүйеге кіру терезесі ашылады (1 сурет).




**1 Сурет. Жүйеге кіру терезесі**

Жүйеге кіру екі түрлі жолмен қарастырылған:

- қонақ ретінде кіру;
- авторландырылған.

*Қонақ ретінде* кіру архив қорында сақталған ақпараттармен жалпы танысуға: қорлар бойынша жолсілтеменің көмегімен және тақырыптық мәліметтер базасы бойынша ақпараттарды қарауға арналған.

Жүйеге *Қонақ ретінде* кіруді пайдалану үшін **«*Қонақ ретінде* кіру»** батырмасын басыңыз. Әрі қарай, авторландырылған қолжетімділікті алу үшін терезенің жоғарғы оң жақ бұрышында орналасқан «Авторизациядан өту» сілтемесін басыңыз.

Авторландырылған қолжетімділік Жүйенің толық функционалына қол жеткізуге арналған.

Жүйеде авторландырылған қолжетімділік болу үшін кіру терезесіне (1 суретке қараңыз) логин мен парольді енгізіп, «**Кіру»** батырмасын басыңыз. Егер қолжетімділік алғаш рет жүзеге асырылып отырған жағдайда, онда Жүйеге

тіркелуге өтінім беру қажет (өтінімді тікелей архив мекемесінің ғимаратында, мысалы, оқу залында немесе Интернет арқылы қашықтықтан беруге болады).

Жүйеге тіркелуге өтініш беру үшін:

1) *«Тіркеу»* сілтемесін басыңыз;

«Жаңа пайдаланушыны тіркеу» терезесі пайда болады.

2) Сауалнама жолдарын толтыру.

Толтыруға міндетті жолдар «жұлдызша» (*) белгісімен белгіленген.




**2 Сурет. Жаңа пайдаланушыны тіркеу сауалнамасы**

3) Жолдың сол жағында орналасқан жолға суреттегі көрсетілген кодты енгізіңіз.

Егер кодты қабылдау қиын болса, оны жаңарту  батырмасын басу немесе «**Басқа кодты көрсету»** сілтемесін басу арқылы ауыстыруға болады.

4) **«Тіркеу»** батырмасын басыңыз;

**«Тіркеу»** батырмасын басқаннан кейін толтырылған сауалнама Жүйе әкімшісінің қарауына түседі. Пайдаланушы Жүйеге жүйе әкімшісі тіркеу өтінімін мақұлдағаннан және пайдаланушыға кіру құқығын тағайындағаннан кейін қол жеткізе алады. Тіркеуді растау туралы хабарлама Сіздің электрондық поштаңызға логин мен парольді көрсете отырып келіп түседі.